



Бекітемін: *Хасанова*
ЖШС «Tlekzhan&K» «Смайлик»
бөбекжайының меңгерушісі м.а
А.Е.Хасанова

2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңес кестесі

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.

Әдістемелік кеңестің басты міндеттері:

- Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңын құру;
- Оқу-тәрбие құжаттарын жүйелеу және заманауи талаптарға сай жүргізу;
- Цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар мен ЖИ (AI) құралдарын енгізуді үйлестіру;
- Балалардың дамуын, бейімделуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;
- Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Тақырыбы: Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және іске асыру 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: -перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; -өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; -электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру. 4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар). 5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 6. Ағымдағы мәселелер.	Дөңгелек үстел	қыркүйек	Менгеруші, әдіскер
2	Тақырыбы:	дәстүрлі	қаңтар	Әдіскер

	«Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жоспарлау және іске асыру» 1. Заттық ортаны жаңа оқу жылына дайындау және құжаттандыру: Орталықтар тізімі, топтың цифрлық паспорты мен жиһаздардың электронды есебі. 2. Өзара топтарды аралау және тәжірибе алмасу: Кеністікті тиімді ұйымдастыру бойынша педагогтардың өзара бағалауы мен кәсіби өсуі. 3. Бейімделу кезеңіне арналған ортаны онлайн және оффлайн ұйымдастыру: Оффлайн релаксация бұрыштары және ата-аналарға арналған «Виртуалды топ туры» (онлайн). 4. Ортаны дамытуда ата-аналармен цифрлық байланыс: Чат-боттар мен қосымшалар арқылы сауалнамалар жүргізу, ұсыныстар жинау. 5. Ортаны модельдеуде жасанды интеллект технологияларын қолдану: ЖИ көмегімен топтың 3D дизайнын жасау және көрнекіліктер генерациялау. 6. Ағымдағы мәселелер: Жиһаздардың қауіпсіздігі, СанПиН нормалары және трансформациялау мәселелері.			
3	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздік мәдениетін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру» 1. Сауықтыру және қауіпсіздік орталықтарын жоспарлау: Топтардағы спорттық аймақтар мен «Қауіпсіздік бұрыштарын» жабдықтаудың электронды картасы. 2. Өзара ҮІӨ-ге қатысу: Педагогтардың денсаулық сақтау технологияларын (сергіту сәттері,	семинар	мамыр	Әдіскер

тыныс алу гимнастикасы) қолдану тәжірибесімен алмасуы. 3. Бейімделу кезеңінде бала денсаулығын бақылау: Балалардың эмоционалды және физикалық күйін оффлайн (белсенді ойындар) және онлайн (арнайы диагностикалық кестелер) бақылау. 4. Ата-аналармен желілік серіктестік: Чат-боттар арқылы «Қауіпсіз интернет» және «Дұрыс тамақтану» тақырыптарында цифрлық парақшалар тарату. 5. Жасанды интеллект көмегі: ЖИ арқылы жол ережесі мен қауіпсіздік негіздерін үйрететін көрнекіліктер мен сценарийлер дайындау. 6. Ағымдағы мәселелер: Бөбекжайдағы жарақаттанудың алдын алу және СанПиН талаптарын қатаң сақтау. 7. Оқу жылының қорытындысы			
--	--	--	--

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: *Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және іске асыру*

Өткізілген күні: «4» қыркүйек 2025 ж.

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
 - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - Электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар).
5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

1. Әдіскер А.Е.Хасанова сөз сөйледі:

Жаңа оқу жылына дайындық барысы жан-жақты түсіндірілді. Педагогикалық құжаттарды цифрлық форматта жүргізудің маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Әсіресе перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг кестелері енді электронды түрде толтырылып, сақталуы тиіс екендігі түсіндірілді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жеке даму жоспарын құрып, электронды портфолиосын жинақтауы қажет екендігі ескертілді. Электронды портфолио педагогтың кәсіби дамуының айқын көрсеткіші болатынына тоқталды.

2. Тәрбиеші М.Ә.Бисекешова сөз сөйледі:

Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ҰІӨ-ге (ұйымдастырылған іс-әрекетке) қатысу педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті. Бір-бірінің сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

3. Әдіскер А.Е.Хасанова сөз сөйледі:

Жаңадан келген балалардың бөбекжайға бейімделуі – оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн (ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) және оффлайн (жеке әңгіме, ойын жаттығулары, топтық серуен, бейімдеуші әрекеттер) әдістерді қатар қолданудың маңызы түсіндірілді. Балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау, ата-аналарға кеңес беру және бейімделу кезеңінде баланың өзін жайлы сезінуіне көмектесетін практикалық жаттығулар ұсынды.

4. Тәрбиеші А.С.Габдушева сөз сөйледі:

Балалардың жан-жақты дамуы үшін ата-анамен үздіксіз байланыста болу қажеттігі айтылды. Бұл бағытта мобильді қосымшаларды, чат-боттарды, мессенджер топтарын пайдалану тиімді екендігіне тоқталды. Ата-аналарға күнделікті ақпарат беріп отыру, баланың жетістіктерін бөлісу, түрлі хабарламаларды жылдам жеткізу – цифрлық байланыс құралдары арқылы әлдеқайда жеңіл болатыны айтылды. Сонымен қатар балалардың шығармашылығын дамытудағы ата-ана ынтымақтастығын, сөйлеу дағдысын жетілдірудегі ата-ананың қолдауын цифрлық орта арқылы ұйымдастырудың жолдарын ұсынды.

5. Әдіскер А.Е.Хасанова сөз сөйледі:

Мектепке дейінгі мекемеде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда:
- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану;
- **Quiver** – балалардың суреттерін AR (қосымша шындық) арқылы жандандырып, қиялын дамыту;
- **Merge Cube** – 3D үлгілерді қарау арқылы танымдық қызығушылықты арттыру;
- ойын платформалары арқылы (Umaigra және т.б.) баланың логикалық ойлауын, тілін дамыту.
Жасанды интеллект технологиялары балалардың қызығушылығын оятып, оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретініне баса назар аударылды.

Қаулы қабылданды:

1. Педагогтар 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын электронды түрде толтырсын.
2. Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.
3. Электронды портфолио жинақтау жұмыстарын қазан айына дейін аяқтау.
4. Педагогтар өзара ҮІӨ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі үшін онлайн және оффлайн әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.
6. Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.
7. Әдіскер мен педагогтар жасанды интеллект технологияларын тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырсын.
8. Ағымдағы мәселелер бойынша жеке жауаптылар бекітілсін.



А.Е.Хасанова

Г.М.Адилханова

№2 Әдістемелік кеңестің хаттамасы

Өткізілген күні: 13.01.2026ж

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

«Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жоспарлау және іске асыру»

1. Заттық ортаны жаңа оқу жылына дайындау және құжаттандыру: орталықтар тізімі, топтың цифрлық паспорты мен жиһаздардың электронды есебі.
2. Өзара топтарды аралау және тәжірибе алмасу: кеңістікті тиімді ұйымдастыру бойынша педагогтардың өзара бағалауы мен кәсіби өсуі.
3. Бейімделу кезеңіне арналған ортаны онлайн және оффлайн ұйымдастыру: оффлайн релаксация бұрыштары және ата-аналарға арналған «Виртуалды топ туры» (онлайн).
4. Ортаны дамытуда ата-аналармен цифрлық байланыс: чат-боттар мен қосымшалар арқылы сауалнамалар жүргізу, ұсыныстар жинау.
5. Ортаны модельдеуде жасанды интеллект технологияларын қолдану: ЖИ көмегімен топтың 3D дизайнын жасау және көрнекіліктер генерациялау.
6. Ағымдағы мәселелер: жиһаздардың қауіпсіздігі, СанПиН нормалары және трансформациялау мәселелері.

I. Тыңдалды:

Үшінші тармақ бойынша: Тәрбиеші О.В.Балашова баяндама жасады. Ол жаңадан келген балалардың бейімделуін жеңілдету үшін топтарда оффлайн релаксация (тыныштық) бұрыштарын ұйымдастырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ, ата-аналардың үрейін басу мақсатында топ бөлмелерін таныстыратын онлайн «Виртуалды топ туры» бейнероликтерін дайындау алгоритмін ұсынды.

Төртінші тармақ бойынша: Тәрбиеші Р.Д.Нагимова сөз алып, топ ортасын дамытуда ата-аналармен заманауи форматта жұмыс істеуді ұсынды.

Мессенджерлердегі чат-боттар мен арнайы мобильді қосымшалар арқылы ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізу, олардың ұсыныстарын жедел жинау тәжірибесімен бөлісті.

Бесінші тармақ бойынша: Әдіскер А.Е.Хасанова топ кеңістігін модельдеуде жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалану туралы айтты. Нейрожелілер көмегімен топтың 3D дизайнын құрастыру, дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерді ЖИ арқылы жылдам әрі сапалы генерациялау жолдарын тәжірибеде көрсетті.

Алтыншы тармақ бойынша: Медицина қызметкері З.А.Жакупова сөз сөйледі. Ол топтардағы жиһаздардың бала өміріне қауіпсіз болуын, таңбалануын (маркировка), СанПиН нормаларының сақталуын және жиһаздардың

II. Шешім қабылданды:

1. Барлық топ тәрбиешілері өз топтарындағы дамытушы орталықтардың жаңа тізімін жасап, топтың цифрлық паспорты мен жиһаздардың электронды есебін дайындасын.
2. Педагогтардың кәсіби дамуы мен өзара тәжірибе алмасуын арттыру мақсатында бекітілген кестеге сай «Үздік заманауи топ ортасы» тақырыбында өзара топтарды аралау (өзара бағалау) ұйымдастырылсын.
3. Жаңадан келген балалар үшін топтарда релаксация бұрыштары жабдықталсын және ата-аналарға арналған «Виртуалды топ туры» бейнероликтері әлеуметтік желілер мен чаттарға орналастырылсын.
4. Ата-аналардың ұсыныстарын жинау мақсатында чат-боттар мен мобильді қосымшалар арқылы онлайн сауалнамалар тұрақты жүргізілсін.
5. Педагогтар топ дизайны мен көрнекіліктерді дайындауда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын белсенді қолданын.
6. Топтардағы жиһаздардың қауіпсіздігі мен СанПиН нормаларының сақталуы қатаң қадағаланын. Трансформацияланатын жиһаздарды тиімді пайдалану жолға қойылсын.



А.Е.Хасанова

Г.М.Адилханова

№3 Әдістемелік кеңестің хаттамасы

Өткізілген күні: 22.05.2026ж

Өткізілген орны: «Смайлик» бөбекжайы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

«Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздік мәдениетін цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру және оқу жылын қорытындылау»

1. Сауықтыру және қауіпсіздік орталықтарын жоспарлау: топтардағы спорттық аймақтар мен «Қауіпсіздік бұрыштарын» жабдықтаудың электронды картасы.
2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу: педагогтардың денсаулық сақтау технологияларын (сергіту сәттері, тыныс алу гимнастикасы) қолдану тәжірибесімен алмасуы.
3. Бейімделу кезеңінде бала денсаулығын бақылау: балалардың эмоционалды және физикалық күйін оффлайн (белсенді ойындар) және онлайн (арнайы диагностикалық кестелер) бақылау.
4. Ата-аналармен желілік серіктестік: чат-боттар арқылы «Қауіпсіз интернет» және «Дұрыс тамақтану» тақырыптарында цифрлық парақшалар тарату.
5. Жасанды интеллект көмегі: ЖИ арқылы жол ережесі мен қауіпсіздік негіздерін үйрететін көрнекіліктер мен сценарийлер дайындау.
6. Ағымдағы мәселелер: бөбекжайдағы жаракаттанудың алдын алу және СанПиН талаптарын қатаң сақтау.
7. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта).
- «Жылдың үздік тәрбиешісі» марапатын табыстау.

I. Тыңдалды:

Бірінші және екінші тармақтар бойынша: Тәрбиеші М.Ә.Бисекешова баяндама жасады. Ол топтардағы спорттық және қауіпсіздік бұрыштарын жабдықтаудың бірыңғай электронды картасын таныстырды. Сонымен қатар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде қолданылатын денсаулық сақтау технологияларының (көз, тыныс алу гимнастикалары, сергіту сәттері) тиімділігін арттыру үшін педагогтардың өзара сабақтарға қатысу маңыздылығына тоқталды.

Үшінші тармақ бойынша: Бөбекжай тәрбиешісі Г.М.Адилханова сөз сөйледі. Жаңадан келген балалардың бейімделуін жеңілдетуде олардың денсаулығы мен эмоционалды күйін бақылаудың маңызын айтты. Органы оффлайн режимде белсенді ойындармен қанықтыруды және баланың күйін онлайн форматта арнайы диагностикалық электронды кестелер арқылы бақылап, талдап отыруды ұсынды.

Төртінші және бесінші тармақтар бойынша: Әдіскер А.Е.Хасанова цифрлық парадигма аясында ата-аналармен чат-боттар арқылы желілік серіктестік орнату жолдарын түсіндірді. «Қауіпсіз интернет», «Дұрыс тамақтану» тақырыптарында дайын сандық парақшаларды тарату алгоритмін көрсетті. Сонымен қатар, жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану арқылы балаларға жол ережесі мен қауіпсіздік негіздерін қызықты

үйрететін көрнекіліктер мен сабақ сценарийлерін жылдам генерациялау тәжірибесін ортаға салды.

Алтыншы тармақ (Ағымдағы мәселелер) бойынша: Бөбекжайдың медицина қызметкері З.А.Жакупова сөз алды. Ол топтар мен серуендеу алаңдарында балалардың жарақаттануының алдын алу шараларын күшейтуді, санитарлық-эпидемиологиялық (СанПиН) талаптарды, соның ішінде бөлмелерді желдету, кварцтау және тазалық режимін қатаң сақтауды талап етті.

Жітінші тармақ бойынша: Әдіскер сөз сөйледі. Ол педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары, жетістіктері мен ашық шаралары туралы есептерін электронды форматта (инфографика, презентация және электронды кестелер түрінде) уақытылы тапсырғанын хабарлап, жалпыұжымдық қорытынды көрсеткіштерді таныстырды.

Бөбекжай меңгерушісі сөз алып, оқу жылы бойы жоғары кәсіби шеберлік танытқан, инновациялық технологияларды белсенді енгізген педагогтарды атап өтті. Кеңес барысында салтанатты түрде «Жылдың үздік тәрбиешісі» марапаты және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

II. Шешім қабылданды:

1. Барлық топтарда спорттық аймақтар мен «Қауіпсіздік бұрыштары» жабдықталып, олардың электронды картасы әдістемелік кабинетке өткізілсін.
2. Педагогтар арасында денсаулық сақтау технологияларын (тыныс алу, сергіту сәттері) тарату мақсатында өзара ҰІӨ-ге қатысу кестесі бекітілсін және өзара тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын.
3. Балалардың бейімделу кезеңінде олардың эмоционалды және физикалық күйін бақылайтын онлайн диагностикалық кестелерді толтыру және офлайн белсенді ойындарды қолдану тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Чат-боттар мен топтық мессенджерлер арқылы ата-аналарға арналған «Қауіпсіз интернет» және «Дұрыс тамақтану» тақырыптарындағы цифрлық ақпараттық парақшалар жүйелі түрде таратылсын.
5. Педагогтар балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда ЖИ (жасанды интеллект) көмегімен заманауи көрнекіліктер мен сценарийлер дайындауды үнемі қолданысқа енгізісін.
6. Топтарда балалардың жарақаттануының алдын алу шаралары күшейтілсін және СанПиН нормаларының қатаң сақталуы медицина әпкесі мен әдіскер тарапынан бақылауға алынсын.
7. Педагогтардың электронды форматтағы жылдық есептері қабылданып, бөбекжайдың цифрлық мұрағатына (базасына) сақталсын. «Жылдың үздік тәрбиешісі» марапатының иегерлері құттықталсын және педагогтардың іс-тәжірибесін қалалық/аудандық деңгейде тарату ұсынылсын.



А.Е.Хасанова

Г.М.Адилханова